



Тіліміз үшін қызмет ету – зор бақыт!

Дана халқымыздың «Тілге құрмет – елге құрмет» деген аталы сөзі бар. Асылы, осы сөздің мәні де, мағынасы да жоғары. Біздің халқымыз басынан тағдырдың түрлі сынақ, қатерін өткерді. Құдіреті күшті Жаратқан Иеміз қазақ ұлтына жар болып, өсірді, өндірді. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан – біздің сан ғасырлық ұрпағымыздың арман-үміті еді. Бұл Тәуелсіздік – көздің қарашығындай киелі, сәулелі. Біздің еліміз 1991 жылы Тәуелсіздігін алып, еңсесін тіктеп, Ақ Ордасын көтерген шақта, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев мемлекеттік тіліміз, ана тіліміз – қазақ тілінің рөлі мен маңызын айқындады. Әрине, жетпіс жыл бойы коммунистік идеология орнаған кезде, қазақ тілінің жолы жеңішкеленіп, тарылғаны рас. Ал, егемендік алған тұста, қазақ халқының саны аз, еліміздің басым бөлігі – өзге ұлт өкілдері болғандықтан, Елбасымыз Н.Назарбаев салиқалы саясатымен көрегенділік танытып, 130 –дан астам ұлтты бір арнаға тоғыстырып, тағдырын осы шаңырақ иесі – қазақ халқымен байланыстырып, бір тудың астында тату-тәтті өмір сүруге үндеді емес пе! Енді, міне, «орнында бар дүние оңалып», халқымыздың саны артқан шақта, Елбасымыз латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиіне көшейік, 2025 жылы қазақ тілінің қолданыс аясы 100 пайызға артып, ұлт тілі ретінде үстемдігін құрады деп батыл жасап, нартәуекелге барды. Елбасының 26 қазан күнгі Жарлығы – ұлттық ұлы бетбұрыс екенін болашақта сезініп, қадірін түсінеміз.

Мен, қазақы отбасында дүниеге келгенмін. Ата-анам ескі заманның әдебиеті мен мәдениетін жатқа білетін, төл тарихымызға жетік кісілер болды. Олардың мақалдап, мәтелдеп сөйлегені – менің де жақсы азамат болып өсуіме айрықша әсер етті. Бесікте жатқанымда ана тілімен әлпештеп, аялап өсірген анамның сүтімен құт, әкемнің қанымен ырыс, береке бойыма дарыған екен. Ұрпақтың өнегелі, салиқалы болып өсуі – тегіне, қанына тартса керек-ті. Бала күнімізде біздің шағын отбасымызда қазақтың қара әні шырқалып тұратын еді. Сол ән, сол әуезді тіл, сол қасиетті үн – мені қашанда болсын жетілдіріп, рухтандырып келеді. Мен бір биікке жетсем, сол құдіреті зор әуеннің күші. Ол әуен – менің әуезді де, қасиетті тілім!

Мен үшін қашанда болсын туған тілдің мәртебесін көтеру, тіл тұғыры үшін қызмет ету – азаматтық әрі перзенттік басты парызым болды. Тіл майданы – бабалар аруағына көрсетілген құрмет деп білемін. 1992-1993 жылдар аралығында Қалалық «Біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау институтының» тарих-география бөлімінің әдіскері, дефектология және психология, тарих бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарғанмын. Бір күні ойда-жоқта білікті азамат, халық ұлы Ахметжан Есімовтің тарапынан ұсыныс түсті. Ол ұсыныс – жаңадан құрылған Тілдерді дамыту басқармасына қызметке келу болатұғын. Ұлтжанды азаматтың ұсынысын бірден қолдап, жан-жүрегіммен Тіл мәселесі жолында қызмет етуге дайын болдым. Міне, сол күннен бастап мен тіл, руханият, әдебиет пен мәдениет саласының шырақшысына, осы саланың кәдімгі маманына айналдым. Бүгін өткенге өткен күннің биігінен қарап отырсам, 25 жылға жуық уақыт өтіпті. Ширек ғасырдан бері Тіл мәселесі жолында еңбек етіп келеді екенмін. Бірінші, Аллаға шүкір, екінші мені қашанда болсын ел ағалары – қоғам қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар қолдап, қуаттап келеді. 1993-1996 жылдар аралығында Алматы облыстық әкімшілігінде «Тілдерді дамыту басқармасы» бастығының орынбасары, Облыстық әкімшіліктің «Тілдерді дамыту» бөлімінің бастығы қызметін атқарып, республика жұртшылығына таныла бастадым. Бүгінгі жеткен жетістігім, бағындырған белесім – осы ана тілдің абыройы болар деп ойлаймын. Еліміз енді ғана еңсесін көтеріп, қаз-қаз қадамын басқан шақта, Тіл мәселесін көтеріп, Алматы облысының елдімекендері мен жер-су атауларын қазақыландырып, туған тілімізді тұғырына қондырсақ, ол – біздің перзенттік парымыз бірі еді.

Тіл! Ана тіліміздің ұлттық тіл болуына, мәртебесінің жоғарылуына қай уақыт та болса да тамшыдай үлесімді қосқым келіп тұрады. «Алматы облыстық Қазақстан халықтары Ассамблеясы хатшылығының» бас маманы, ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде жетекші маман, кейіннен бас маманы, Астана қаласы әкімдігінің «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешені» МКҚК-ның директоры қызметтерін атқарған кезімде, ұжымыма туған тілдің қадірін ұғындырып, қазақ тілінің ұлт тілі ретінде салтанат құрып, мерейі үстем болуын қалап, талап қойдым. Мәселен, бүгінгі «Атамекен» кешені қалай қарыштап, дамыды? Оның өсуі, өркендеуі – қазақы қалыпта ғана жүзеге асқан еді. Осы «Атамекен» – менің бір жемісті қызметімнің айрықша белгісі.

Қазіргі таңда Мәдениет және спорт министрлігінің «Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы» РММ-нің бас директоры қызметін атқарып келемін. Құзырлы министрліктің қолдауымен қазақ әдебиеті мен мәдениетін шартарапқа таныстырып, дүниенің төрт бұрышына насихаттауды – кітапхана ісі алдындағы басты парызым, қызметтік міндетім деп ұғындым. Міне, бүгін әлемнің 13 алпауыт елінің бас шаһарындағы Орталық кітапханаларында «Қазақ әдебиеті мен мәдениеті» орталығы ашылып, орталыққа қазақ тілінде шыққан классикалық әдебиеттер мен елімізге танымал қаламгерлердің туындылары жинақталып, әлем халқына, әлем оқырманына қызмет етіп отыр. Бұл жобаның басты мақсаты – әлем халқына қазақтың әдебиеті мен мәдениетін насихаттау, қазақ халқының тарихы мен әдебиетінен хабардар қылу. Қазіргі заман – ашық, еркін заман. Біздің қазақтың талапты жастары да әлемнің түкпір-түкпірінде оқу іздеп, ғылым жолында ізденіп жүр. Қай елдің астанасынан болмасын орталық ашып жатқанымызда, қазақтың қаракөздерін кездестіріп қаламыз. Олар да келіп сәлем беріп, орталықтың ашылғанына қуанып, ризашылықтарын білдіріп отырады. Бұндай орталықтар – дүниенің төрт бұрышындағы қазақ жастары мен қазақ диаспорасын қосуға, бастарын біріктіруге қызмет етсе, Елбасымыздың да үмітін орындар едік. Жылжып жылдар, сырғанап айлар өтер. Сонда ғана біз осы орталықтардың қазақ жастарына, әлем оқырмандарына қызмет етіп, пайдаларына жарағандарын сезінеміз. Бір кітап – бір оқырманның кәдесіне жараса, онда біздің де миссиямыздың орындалғаны болар...

Кітапхана – Парасат ордасы, даналық үйі. Ал, Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхана – еліміздің №1 Парасат үйі болса, оның тыныс-тіршілігі, дамуы мен өркендеуі тұтас елімізге айна, бағыт-бағдар болуы керек. Сондықтан да ҚР ҰАК-ның ұжымы сағат демей, күн демей халыққа, оқырманға ақ адал қызмет етіп келеді. Біздің кітапханамыздағы ана тілі мәселесі өз ретін тапқан, шешімі шешілген. Залдардың безендірілуі мен жаңашылдығы, заманауилығы – бәрі-бәрі ана тіліміздің мерейіне негізделген. Оқырмандарымыздың қолайлы, қолжетімді қызмет алып, уақыттарын тиімді өткізулеріне барлық жағдай жасалды. Парасат үйіне қамқорлық танытқан ел ағаларына тағы да алғыс білдіремін. Өздеріңіз жақсы білесіздер, біздің кітапханамыздың есігі қашанда ашық, қашан көрсеңізде, ішінде қызу тірлік жүріп жатады. «Күнде жиын, күнде той» деген сөз біздің кітапханамызға айтылса керек...

Мен – педагог-ғалыммын. Өзімнің кандидаттық, докторлық диссертацияларымды музей ісі мен кітапхана ісіне арнадым. Осы салаларды ғылыми айналымға енгізіп, ғылым саласы ретінде зерттеліп, қаралуына аз болса да өз үлесімді қостым. Музей мен кітапхана ісі – екеуі бір-бірімен егіз, тамырлас сала. Екеуі де елдің рухани-мәдени өсуіне, дамуына қызмет етеді.

Ешбір ел, ешбір ұлт рухани құндылықсыз өмір сүре алмайды. Ұлт руханиятының бастауы – тіл. Ұлттық сана-сезім – адамның рухани өмірінің басты белгілерінің бірі. Задында, Отансүйер азаматтардың ұлтжанды, елжанды болып, үлкен әріппен жазылатын «Отан» сөзіне құлша қызмет етіп, ұлттық санамен тәрбиеленуі – туған тіліне байланысты.

Қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы: «Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан-жүйенді жандырып, құлақ құрышынды қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл» деген екен. Расымен, біздің қазақ тіліміз – әлемдегі ең бай, ең көркем тіл. Бұл тіл – ұлы хәкім Абайдың, заңғар Мұхтар Әуезовтің тілі. Бұл тіл – атақты Қаныш Сәтпаевтың тілі. Бұл тіл – түү ғарышты бағындырған Тоқтар Әубәкіровтің тілі. Бұл тіл – небір ұлы тұлғалар мен біртуар мақтаныштарымыздың тілі. Бұл тіл – Нұрсұлтандай дана басшымызды тілі!

Қадірлі жиналған қауым, ел ағалары! Мен үшін «Тіл жанашыры» болу – орасан зор мәртебе! Тілге деген шетсіз-шексіз сезімім, зор махаббатыммен Сіздерге Ана тіліміз үшін үлкен алғыс білдіріп, басымды иемін. Және бір айтарым: түсінген жанға Тіліміз үшін қызмет ету – зор бақыт! Бұны – мен Аса мейірімді Алла Тағаланың маған берген шексіз нығметі деп санаймын!

Көк аспан тектес көк байрағым еңкеймесе, еңселі Елтаңбам төрінен түспесе, асқақ гимнімнің үні өшпесе, тілімнің жолы жіңішкермесе, Ата заңым айбарлы болса – мен де азатпын, мен де биікпін!

Үміт көзі келешекке қарайды. Аяулы менің өз тілім, хайырлы болсын, ертеңің!

Ү. Д. МҰҢАЛБАЕВА

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының басшысы